


<p>СӘТБАЕВ УНИВЕРСИТЕТІ</p> 	<p align="center">ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ</p> <p align="center">«Қ.И.СӘТБАЕВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ТЕХНИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУ УНИВЕРСИТЕТІ» КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ</p>	
<p align="center">3-деңгейдегі СМЖ құжаты</p>	<p align="center">2021 жылғы «_____» _____ №1 редакция</p>	<p align="center">Пр 029-04-01.1.01-2021</p>

«Қ.И.Сәтбаев атындағы
Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті» КеАҚ
(Satbayev University)
магистратурасына және докторантурасына
оқуға қабылдау қағидалары

Пр 029-04-01.1.01-2021

МАЗМҰНЫ

1 Жалпы ережелер	4
2 Нормативтік сілтемелер	4
3 ҚазҰТЗУ магистратурасына, докторантурасына оқуға түсушілердің құжаттарды қабылдау тәртібі	4
4 Магистратураға қабылдау және КТ өткізу	5
5 Докторантураға қабылдау және түсу емтихандарын өткізу	8
6 Апелляциялық комиссиялардың жұмысы	15
7 ҚазҰТЗУ магистратурасына, докторантурасына оқуға қабылдау	16
Қосымшалар	19
Өзгерістерді тіркеу парағы	30

1 Жалпы ережелер

1.1 Осы «Қ.И.Сәтбаев атындағы ҚазақСәтбаев атындағы ствии с Типовыми правиламиАҚ (Satbayev University) магистратурасына және докторантурасына оқуға қабылдау қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 600 бұйрығымен бекітілген Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларына сәйкес әзірленген.

1.2 . Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университетіне (бұдан әрі - ҚазҰТЗУ немесе Университет) магистранттарды, докторанттарды қабылдау республикалық бюджет немесе жергілікті бюджет қаражаты есебінен жоғары білімнің білім беру грантын тағайындау және мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру, сондай-ақ білім алушылардың өз қаражаты мен басқа да көздер есебінен оқуға ақы төлеуі арқылы жүзеге асырылады.

2 Нормативтік сілтемелер

Осы Қағидаларда келесідей нормативтік құжаттарға сілтемелер қолданылды:

2.1 Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 «Білім туралы» Заңы;

2.2 Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 600 бұйрығымен бекітілген Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидалары.

3 ҚазҰТЗУ магистратурасына, докторантурасына оқуға түсушілердің құжаттарын қабылдау тәртібі

3.1 ҚазҰТЗУнтагистратура, докторантурасына, оның ішінде мақсатты даярлау бойынша тұлғаларды қабылдау кешенді тестілеу (бұдан әрі-КТ) немесе түсу емтихандарының нәтижелері бойынша конкурстық негізде жүзеге асырылады.

3.2 Магистратура және докторантураға шетелдіктерді қабылдау ақылы негізде жүзеге асырылады. Шетелдіктердің мемлекеттік білім беру тапсырысына сәйкес конкурстық негізде тегін жоғары оқу орнынан кейінгі білім алу құқығы магистратура бағдарламалары бойынша стипендиялық бағдарламаларды есепке алмағанда, Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарымен айқындалады.

3.3 ҚазҰТЗУ-ға шетел азаматтарын ақылы негізде қабылдау ҚазҰТЗУ қабылдау комиссиялары өткізетін әңгімелесудің нәтижесі бойынша күнтізбелік жыл бойы жүзеге асырылады. Бұл ретте, шетел азаматтарын

қабылдау академиялық күнтізбесіне сәйкес келесі академиялық кезеңнің басталуына 5 (бес) күнге дейін жүргізіледі.

3.4 Шетелдік білім беру ұйымдары берген білім туралы құжаттар заңнамада белгіленген тәртіппен танылады.

Шет тіліндегі құжаттар мемлекеттік немесе орыс тіліндегі нотариалды куәландырылған аудармасымен бірге беріледі.

Шетелдік білім беру ұйымдары берген білім туралы құжаттар адамдар оқуға қабылданғаннан кейін оқудың 1 (бірінші) академиялық кезеңі ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен білім туралы құжаттарды тану рәсімінен өтеді.

3.5 Құжаттарды қабылдау және түсу емтихандарын өткізуді ұйымдастыру үшін ҚазҰТЗУ-да қабылдау комиссиясы құрылады. Қабылдау комиссиясының төрағасы Ректор болып табылады.

Қабылдау комиссиясының құрамы және қызметі Ректордың бұйрығымен бекітіледі.

3.6 Докторантураға түсушілер үшін қабылдау комиссиясы:

1) түсушілерге таңдаған жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары тобының мәселелері бойынша консультация беру, түсу емтиханының рәсімімен таныстыруды;

2) түсушілердің құжаттарын қабылдау мен тексеруді ұйымдастыруды;

3) білім беру бағдарламаларының тобы бойынша түсу емтихандарын өткізуді ұйымдастыруды жүзеге асырады.

3.7 Магистратураға түсушілер үшін қабылдау комиссиясы түсушілерге таңдаған жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары тобының мәселелері бойынша консультация беруді, КТ рәсімімен таныстыруды жүзеге асырады.

3.8 ҚазҰТЗУ магистратурасына түсушілердің өтініштерін қабылдауды ЖЖОКБҰ қабылдау комиссиялары және (немесе) ақпараттық жүйе арқылы күнтізбелік жылдың 1 маусымы мен 15 шілдесі аралығында жүргізіледі.

Магистратураға түсу үшін КТ күнтізбелік жылдың 20 шілдесі мен 10 тамыз аралығында өткізіледі.

3.9 ҚазҰТЗУ докторантурасына өтініштерді қабылдау күнтізбелік жылдың 3 шілдесі мен 3 тамызы аралығында жүргізіледі. Докторантураға білім беру бағдарламаларының тобы бойынша түсу емтихандары күнтізбелік жылдың 4-20 тамызы аралығында өткізіледі.

3.10 Магистратураға және докторантураға қабылдау күнтізбелік жылдың 28 тамызына дейін жүргізіледі.

3.11 Магистратураға және докторантураға түскенде алдыңғы деңгейдегі білім беру бағдарламасы бейіні жоғары білім беру бағдарламасымен сәйкес келмеген жағдайда, игеру үшін пререквизиттер белгіленеді және оқушының жеке оқу жоспарына қосылады. Талапкерлерге

жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің негізгі бағдарламасы бойынша оқудың бірінші жылының аяғына дейін ақылы негізде рұқсат етіледі.

Пререквизиттер ретінде магистрант/докторант тануды ЖОО Заңның 5-бабының 38-3) тармақшасына сәйкес жүзеге асыратын тиісті деңгейдің формалды емес білім берудегі оқыту нәтижелерін ұсынады.

3.12 Бейінді бағыттағы магистр PhD докторантураға түскен жағдайда, пререквизиттер ретінде ғылыми-педагогикалық магистратураның педагогикалық бейінінің білім беру бағдарламасы қосымша белгіленеді.

4 Магистратураға қабылдау және КТ өткізу

4.1 Магистратураға жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын игерген тұлғалар қабылданады.

4.2 Магистратураға түсуші адамдар күнтізбелік жылдың 25 - 28 тамызы аралығында Университетке (ҚазҰТЗУ қабылдау комиссиясы арқылы) (бұдан әрі – Қабылдау комиссиясы) немесе "электрондық үкіметтің" www.egov.kz веб-порталы (бұдан әрі – Портал) арқылы осы Қағидаларға 1 Қосымшаға сәйкес "Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша оқыту үшін жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарына құжаттар қабылдау және оқуға қабылдау" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 8-тармағында көзделген құжаттар топтамасын тапсырады.

4.3 Қызмет көрсету процесінің сипаттамасын, нысанын, мазмұны мен нәтижесін, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктерін ескере отырып өзге де мәліметтерді қамтитын мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында келтірілген.

Жеке басын куәландыратын құжаттар туралы мәліметтер, жоғары білім туралы құжат, медициналық анықтама, интернатураны бітіргені туралы куәлік көрсетілетін қызметті берушіге тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден "электрондық үкімет" шлюзі арқылы беріледі.

Қабылдау комиссиясының қызметкері құжаттар топтамасын қабылдауды, оларды тіркеуді және көрсетілетін қызметті алушыға өтініш келіп түскен күні "Білім туралы мемлекеттік үлгідегі құжаттардың түрлері мен нысандарын және оларды беру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 28 қаңтардағы № 39 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10348 болып тіркелген) (бұдан әрі – № 39 бұйрық) бекітілген нысан бойынша құжаттар топтамасын қабылдау туралы қолхат беруді жүзеге асырады не көрсетілетін қызметті алушы құжаттар топтамасын толық ұсынбаған жағдайда құжаттарды қабылдаудан бас тартады.

Портал арқылы жүгінген жағдайда көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" мемлекеттік қызмет көрсетуге арналған сұраудың

қабылданғаны туралы мәртебе, сондай-ақ мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін алу күні мен уақыты көрсетілген хабарлама жіберіледі.

Университет олар түскен сәттен бастап ұсынылған құжаттардың толықтығын тексереді, құжаттар толық болмаған жағдайда өтінішті одан әрі қараудан дәлелді бас тартуды дайындайды, ол өтініш берушінің порталдағы "жеке кабинетіне" электрондық құжат нысанында жіберіледі.

Магистратураға түсуші құжаттардың толық топтамасын ұсынған жағдайда Университетке қабылдау үшін құжаттардың қабылданғаны туралы хабарлама жіберіледі. Хабарламаны алғаннан кейін магистратураға түсуші Университетке құжаттардың түпнұсқаларын күнтізбелік жылдың 28 тамызына дейінгі мерзімде ұсынады.

Құжаттарды қабылдағаннан кейін Ректор түсушіні Университет магистранттардың немесе резиденттердің қатарына қабылдау туралы бұйрық шығарады.

Университет Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 9-тармағында көзделген негіздер бойынша мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тартады.

Көрсетілетін қызметті беруші "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабы 2-тармағының 11) тармақшасына сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне мемлекеттік қызметті көрсету сатысы туралы мәліметтерді енгізуді қамтамасыз етеді.

Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға берілуі мүмкін.

Заңның 25-бабының 2-тармағына сәйкес көрсетілетін қызметті берушінің мекенжайына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушының Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа жүгінуге құқығы бар.

4.4 Оқыту қазақ немесе орыс тілінде жүргізілетін бейінді магистратураға түсуші тұлғалар білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша тесттен және оқуға дайындығын анықтауға арналған таңдауы бойынша қазақ немесе орыс тіліндегі тесттен тұратын КТ тапсырады.

Оқыту қазақ немесе орыс тілінде жүргізілетін ғылыми-педагогикалық магистратураға түсуші тұлғалар ағылшын тілі бойынша тесттен, білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша тесттен, оқуға дайындығын анықтауға арналған таңдауы бойынша қазақ немесе орыс тіліндегі тесттен тұратын КТ тапсырады.

4.5 КТ өткізу Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 8 мамырдағы № 190 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18657 болып тіркелген) бекітілген Кешенді тестілеу өткізудің қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.

КТ-ны Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі (бұдан әрі - ҚР БҒМ) айқындайтын КТ өткізу пункттерінде ҚР БҒМ Ұлттық тестілеу орталығы (бұдан әрі – ҰТО) өткізеді.

КТ нәтижелері бойынша электрондық сертификат беріледі, ол ҚР БҒМ Ұлттық тестілеу орталығының сайтында расталады.

КТ-ны тапсырған жылы қайта тапсыруға рұқсат етілмейді.

4.6 Ағылшын тілін меңгерудің жалпыеуропалық құзыреттеріне (стандарттарына) сәйкес ағылшын тілін меңгергенін растайтын халықаралық сертификаттары бар тұлғалар магистратураға КТ-ның ағылшын тілі бойынша тестісінен босатылады:

– International English Language Tests System (Интернашнал Инглиш Лангудж Тестс Систем (IELTS (АЙЛТС), шекті балл – кемінде 6.0;

– IELTS INDICATOR (АЙЛТС Индикатор), шекті балл – кемінде 6,0;

– Test of English as a Foreign Language Institutional Testing Programm (Тест ов Инглиш аз а Форин Лангудж Инстительюшнал Тестинг программ) (TOEFL ITP (ТОЙФЛ АйТиПи), шекті балл – кемінде 543;

– Test of English as a Foreign Language Institutional Testing Programm (Тест ов Инглиш аз а Форин Лангудж Инстительюшнал Тестинг програм) Internet-based Test (Интернет бейзид тест) (TOEFL IBT (ТОЙФЛ АЙБИТИ), шекті балл – кемінде 60;

– TOEFL PBT (Тест ов Инглиш аз а Форин Лангудж пэйпер бэйсед тэстинг) Test of English as a Foreign Language Paper-based testing, шекті балл – кемінде 498.

"Жаратылыстану ғылымдары, математика және статистика", "Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар", "Инженерлік, өңдеу және құрылыс саласы" білім беру салаларының білім беру топтары бағдарламаларына, сонымен қатар "Бизнес және басқару" кадрларын даярлау бағыты бойынша магистратураға түсуші тұлғалар осы Қағидаларға 2 Қосымшаға сәйкес балдармен Graduate Record Examinations (грэдуэйт рекорд экзаменейшен) GRE стандартталған тестін тапсыру туралы халықаралық сертификаты бар болған жағдайда оқыту қазақ немес орыс тілінде жүргізілетін магистратураға түсу үшін КТ-дан босатылады.

"Бизнес және басқару" мамандарын даярлау бағытының білім беру бағдарламалары топтары бойынша магистратураға түсуші тұлғалар осы Қағидаларға 3 Қосымшаға сәйкес балдармен Graduate Management Admission Test (грэдуэйт мэнэджмент адмишен тест) GMAT стандартталған тестін тапсыру туралы халықаралық сертификаты бар болған жағдайда оқыту қазақ немес орыс тілінде жүргізілетін магистратураға түсу үшін КТ-дан босатылады.

Білім беру грантын тағайындау конкурсына қатысу үшін құжаттарды тапсыру кезінде, сондай-ақ Университетке қабылдау кезінде ұсынылатын сертификаттардың түпнұсқалығын және жарамдылық мерзімін ҚазҰТЗУ-ның қабылдау комиссиясы тексереді.

Осы тармақта көрсетілген ағылшын тілі бойынша тест тапсырғаны туралы сертификаттардың біреуі бар тұлғаларға республикалық бюджет немесе жергілікті бюджет қаражаты есебінен білім беру грантын тағайындау конкурсына қатысу үшін өтініш берген кезде, сондай-ақ ақылы негізде ҚазҰТЗУ-ға қабылданған кезде 50 балл есептеледі.

Мемлекеттік немесе ресми тілі ағылшын тілі болып табылатын елдерде шетелдік ЖЖОКБҰ аяқтаған және экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымына (ЭЫДҰ) мүше мемлекеттердің аккредиттеу органдарының тізіліміне және (немесе) қауымдастығына енгізілген шетелдік аккредиттеу органдарының мамандандырылған аккредитациясы бар тұлғалар 5 жыл ішінде оқыту қазақ немесе орыс тілінде жүргізілетін магистратураға КТ тестілеуінің "Шет тілі" (ағылшын тілі) бөлімін тапсырудан босатылады.

4.7 Жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру грантын беруге арналған конкурсқа қатысу үшін оқуға түсуші 20 тамызға дейін ЖЖОКБҰ-ның қабылдау комиссиясына немесе ақпараттық жүйе арқылы белгіленген үлгідегі бланкіде өтінішті береді.

Магистратураға түсушілер өтініште білім беру бағдарламаларының бір тобын және 3 (үш) ЖЖОКБҰ-ға дейін көрсетеді.

КТ нәтижелері өткізілген күні жарияланады.

5 Докторантураға қабылдау және түсу емтихандарын өткізу

5.1 Докторантураға "магистр" дәрежесі және кемінде 9 ай еңбек өтілі бар тұлғалар қабылданады.

5.2 Докторантураға түсуші тұлғалар күнтізбелік жылдың 22 мен 28 тамызы аралығында Қабылдау комиссияға және (немесе) портал арқылы осы Қағидаларға 1 Қосымшаға сәйкес Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 8-тармағында көрсетілген құжаттар топтамасын тапсырады.

ҚазҰТЗУ құжаттар топтамасын қабылдауды, оларды тіркеуді және көрсетілетін қызметті алушыға құжаттар топтамасын қабылдау туралы қолхат

беруді жүзеге асырады немесе көрсетілетін қызметті алушы құжаттар топтамасын толық ұсынбаған жағдайда құжаттарды қабылдаудан бас тартады.

Университетке құжаттарды тапсыру кезінде өтініш беруші 1 ЖОО және 1 БББТ таңдайды.

Мемлекеттік қызмет көрсету процесінің сипаттамасын, нысанын, мазмұны мен нәтижесін, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктерін ескере отырып өзге де мәліметтерді қамтитын Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында келтірілген.

Жеке басын куәландыратын құжаттар туралы мәліметтер, жоғары білім туралы құжат, медициналық анықтама, интернатураны бітіргені туралы куәлік көрсетілетін қызметті берушіге "электрондық үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден ұсынылады.

Қабылдау комиссисының қызметкері құжаттар топтамасын қабылдауды, оларды тіркеуді және көрсетілетін қызметті алушыға құжаттар топтамасын қабылдау туралы қолхат беруді жүзеге асырады немесе көрсетілетін қызметті алушы құжаттар топтамасын толық ұсынбаған жағдайда құжаттарды қабылдаудан бас тартады.

Құжаттарды портал арқылы берген жағдайда көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетінде" мемлекеттік қызмет көрсетуге арналған сұрау салуды қарау мәртебесі туралы ақпарат, сондай-ақ мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін алу күні мен уақыты көрсетілген хабарлама көрсетіледі.

Қабылдау комиссия олар түскен сәттен бастап ұсынылған құжаттардың толықтығын тексереді және құжаттар толық болмаған жағдайда өтінішті қараудан дәлелді бас тартуды дайындайды, ол өтініш берушіге порталдағы "жеке кабинетіне" электрондық құжат нысанында жіберіледі.

Докторантураға түсуші құжаттардың толық топтамасын ұсынған жағдайда қызмет берушіге ЖЖОКБҰ-ға қабылдау үшін құжаттарды қабылдау туралы хабарлама жіберіледі. Хабарламаны алғаннан кейін көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметті берушіге құжаттардың түпнұсқаларын күнтізбелік жылдың 28 тамызына дейін ұсынады.

Құжаттарды қабылдағаннан кейін Ректор түсушіні ҚазҰТЗУ докторанттары қатарына қабылдау туралы бұйрық шығарады.

Көрсетілетін қызметті беруші Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 9-тармағында көзделген негіздер бойынша мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тартады.

5.3 Көрсетілетін қызметті беруші "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабы 2-тармағының 11) тармақшасына сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсету

мониторингінің ақпараттық жүйесіне мемлекеттік қызметті көрсету сатысы туралы мәліметтерді енгізуді қамтамасыз етеді.

5.4 Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға берілуі мүмкін.

Заңның 25-бабының 2-тармағына сәйкес көрсетілетін қызметті берушінің мекенжайына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушының Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа жүгінуге құқығы бар.

5.5 Докторантураның білім беру бағдарламаларының топтары бойынша мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша мақсатты даярлау аясында тұлғалардың өтініштерін (еркін түрде) қабылдау ҚазҰТЗУ-да жүргізіледі.

5.6 Докторантураға түсушілер ағылшын тілін меңгерудің жалпыеуропалық құзыреттілікке (стандарттарына) сәйкес ағылшын тілін меңгергендігін растайтын халықаралық сертификаттарды ұсынады:

- International English Language Tests System (Интернационал Инглиш Лангудж Тестс Систем (IELTS (АЙЛТС), шекті балл – кемінде 5,5;
- IELTS INDICATOR (АЙЛТС Индикатор), шекті балл – кемінде 5,5;
- Test of English as a Foreign Language Institutional Testing Programm (Тест ов Инглиш аз а Форин Лангудж Инстительюшнал Тестинг программ) (TOEFL ITP (ТОЙФЛ АйТиПи), шекті балл – кемінде 460;
- Test of English as a Foreign Language Institutional Testing Programm (Тест ов Инглиш аз а Форин Лангудж Инстительюшнал Тестинг програм) Internet-based Test (Интернет бейзид тест) (TOEFL IBT (ТОЙФЛ АЙБИТИ), шекті балл – кемінде 46);
- Test of English as a Foreign Language Paper-based testing (TOEFL PBT (Тест ов Инглиш аз а Форин Лангудж пэйпер бэйсед тэстинг)) шекті балл – кемінде 453.

Ұсынылатын сертификаттардың түпнұсқалығы мен жарамдылық мерзімін Қабылдау комиссия тексереді.

Мемлекеттік немесе ресми тілі ағылшын тілі болып табылатын елдерде шетелдік ЖЖОКБҰ-ны аяқтаған және экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымына (ЭЫДҰ) мүше мемлекеттердің аккредиттеу органдарының тізіліміне және (немесе) қауымдастығына енгізілген шетелдік аккредиттеу органдарының мамандандырылған аккредитациясы бар тұлғалар 5 жыл ішінде осы тармақта көрсетілген шет тілін меңгерудің жалпыеуропалық құзыреттеріне (стандарттарына) сәйкес шет тілін меңгергенін растайтын халықаралық сертификаттарды ұсынбайды.

5.7 Докторантураға түсу емтиханы компьютерлік форматта өткізіледі.

Докторантураның білім беру бағдарламаларының топтары бойынша компьютерлік форматтағы түсу емтиханы 4 Қосымшаға сәйкес білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындаған ұйымдарда өткізіледі.

Докторантураға компьютерлік форматтағы түсу емтиханы:

- 1) эссе жазудан;
- 2) докторантурада оқуға дайындығын анықтауға арналған тесттен;
- 3) білім беру бағдарламасы тобының бейіні бойынша емтихан сұрақтарына жауаптардан тұрады.

Қабылдау емтиханын тапсыру кезінде талапкер өз бетінше блоктар бойынша жауаптар ретін таңдайды.

Талапкерлердің жауаптары кодталады және қабылдау емтиханының күні ЖОО-ға жіберіледі.

Бақылау жүргізу мақсатында түсу емтихандарын өткізу ережелерін сақтауды қадағалау үшін АТО-на аудитория және коридор бойынша кезекші қызметін атқаратын түсу емтихандарының әкімшілері жіберіледі

Поступающие запускаются на вступительный экзамен при предъявлении оригинала документа, удостоверяющего личность (удостоверение личности или паспорт) при этом производится идентификация личности поступающего через сканер объемно-пространственной формы лица человека.

Өтініш берушілер түсу емтиханына жеке куәліктің түпнұсқасын (жеке куәлік немесе паспорт) көрсеткен кезде жіберіледі, ал өтініш берушінің жеке басы тұлғаның көлемді-кеңістіктік түрінің сканері арқылы анықталады.

Емтиханға кіру кезінде қолмен және рамалық типтегі металл іздегіштер қолданылады. Қабылдау емтиханына кірісу кезінде металл іздегіштерді қолдану талапкерлердің емтихан кезінде қауіпсіздігін қамтамасыз ету, сондай-ақ оларды тыйым салынған заттарды ғимаратқа алып кіру, оқу және ақпаратты беру функцияларымен жабдықталған әдістемелік әдебиеттер, калькулятор, фотоаппарат, ұялы байланыс (ұялы телефондар, планшеттер, iPad (iPad), iPod (iPod), SmartPhone (Smartphone)), ноутбуктар, ойнатқыштар, модемдер (ұялы маршрутизаторлар) радиоэлектрондық байланыс (Wi-Fi (Wi-Fi), Bluetooth

(Bluetooth), Dect (Dect), 3G (3 Gee), 4G (4 Gee), 5G (5 Gee)), ақылды сағаттар, сымды және сымсыз құлаққаптар және т.б.

Егер түсу емтиханына кірісу кезінде металл іздегішпен тексеру кезінде тыйым салынған заттар анықталса, кіру емтиханының администраторы бақылаушылармен бірге Акт жасайды және өтініш беруші қабылдау емтиханына жіберілмейді.

Егер компьютерлік форматта түсу емтиханына кірісу кезінде «басқа тұлға» анықталса, қабылдау емтиханының администраторы, муляждың қатысуымен «емтиханға кіру кезінде басқа тұлғаны анықтау туралы акт» жасайды.

«Басқа тұлғаны» қатыстырған талапкерлер қабылдау емтиханына жіберілмейді.

Қабылдау емтиханын өткізу кезінде өтініш берушіге:

– дәліз бойымен кезекші офицердің функцияларын орындайтын кіру емтиханы әкімшісінің рұқсатынсыз және сүйемелдеуінсіз аудиториядан (компьютерлік сыныптан) кетуге;

– қабылдау емтиханының бірінші және соңғы сағаттарында аудиториядан (компьютерлік сыныптан) шығу. Бұл жағдайда сіз аудиториядан 10 минуттан артық емес, 2 реттен артық кете аласыз;

– сөйлесу, бір жерден екінші жерге ауысу;

– өтініш берушіге жұмыс үшін берілген А4 форматындағы құжаттармен және құжаттармен алмасу;

– сыныптан (компьютерлік сыныптан) өтініш берушіге жұмыс үшін берілген құжаттар мен А4 форматты қағаздарды шығарып алу;

– сыныпқа (компьютерлік сыныпқа) кіріп, бесіктер, оқу әдебиеттері, калькулятор, фотоаппарат, ұялы байланыс (пейджер, ұялы телефондар, планшеттер, iPad (iPad), iPod (iPod), SmartPhone (Smartphone)), ноутбуктар, ойнатқыштар, модемдер (ұялы маршрутизаторлар), кез-келген радиоэлектрондық байланысты (Wi-Fi (Wi-Fi), Bluetooth (Bluetooth), Dect (Dect), 3G (3 Gee), 4G (4 Gee), 5G (5 Gee)), ақылды сағаттар, сымды және сымсыз құлаққаптар және т.б.);

– түсу емтиханының алдында немесе кезінде шу шығарыңыз;

– қабылдау емтиханы басталғанға дейін берілген А4 форматындағы қағаздарды өзіңізбен бірге алыңыз;

– тест тапсырмаларының және емтихан сұрақтарының мазмұнын талқылау және ашу;

– тестілеу және қауіпсіздік жүйелерін қолдану технологиясына қасақана зиян келтіру.

Бұл жағдайда компьютерді сынау интерфейсінде болатын калькуляторды, периодтық кестелерді және тұздың ерігіштігін пайдалануға рұқсат етіледі.

Егер талапкер жоғарыда көрсетілген пункттерді бұзса, қабылдау емтиханының администраторы бақылаушылармен бірге тыйым салынған заттарды табу және аудиториядағы тәртіп ережелерін бұзған өтініш берушіні аудиториядан шығару туралы Акт жасайды.

Егер емтихан кезінде компьютерлік форматта басқа тұлға анықталса, қабылдау емтиханының администраторы қатысуымен «қабылдау емтиханы кезінде басқа тұлғаны анықтау туралы акт» жасайды. Фейк аудиториядан алынып тасталады. Қабылдау емтиханының нәтижелері өңделмейді және жойылуы мүмкін.

Қабылдау емтиханына «басқа тұлғаны» қатыстырған адамдар қабылдау емтиханына жіберілмейді.

Қорытынды баға - бұл эссені бағалау нәтижелерін қорытындылау, докторантурада оқуға дайындық тесті, қосымшаға сәйкес білім беру бағдарламасы тобы бейіні бойынша емтихан сұрақтарына жауап алу 5 қосымшаға сәйкес алынған баллдар жиынтығын білдіреді.

Эссені бағалаудың түрлері мен критерийлері, сондай-ақ ГОП бейіні бойынша емтиханды бағалаудың құрылымы мен мазмұны және критерийлері б-қосымшаға сәйкес келтірілген.

Докторантураға түсу емтиханына 4 сағат беріледі.

5.8 Университет алқалық басқару органымен эссе тақырыптарын, білім беру бағдарламасы тобының бейіні бойынша сұрақтарды түсу емтихандары басталғанға дейін екі ай бұрын бекітеді және Университетінің ресми сайтында алқалық басқару органы бекіткен эссе тақырыптарын, білім беру бағдарламасы тобының бейіні бойынша сұрақтарды орналастырады.

5.9 Докторантураға түсу емтихандарын өткізу кезеңінде – ҚазҰТЗУ-да білім беру бағдарламаларының топтары бойынша емтихан комиссиялары құрылады. Кадрларды даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша бір емтихан комиссиясын құруға жол беріледі.

5.10 Білім беру бағдарламаларының топтары бойынша емтихан комиссиялары тиісті бейінге сәйкес ҚазҰТЗУ профессор-оқытушылық құрамының, ғылым докторы немесе кандидаты ғылыми дәрежесі бар немесе философия докторы (PhD) дәрежесі бар ҚазҰТЗУ қызметкерлерінің қатарынан қалыптастырылады.

Емтихан комиссиясының құрамына апелляциялық комиссияның мүшелері кірмейді.

Емтихан комиссиясының құрамы олардың төрағалары көрсетіле отырып Ректордың бұйрығымен бекітіледі және білім беру және денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органға жіберіледі.

Оқуға түсуші тегін, атын және әкесінің атын (бар болған жағдайда), ЖЖОКБҰ (ҚазҰТЗУ) және ББТ көрсетілген сауалнаманы толтырады және эссе жазуға көшеді, докторантурада оқуға дайындық тестінен өтеді, кездейсоқ

түрде таңдалған білім беру бағдарламасы тобының бейіні бойынша емтихан сұрақтарына жазбаша жауап береді және жұмыс нәтижелерін өзі таңдаған ҚазҰТЗУ-ға жібереді. Дайындық тестінің нәтижелерін ҰТО өңдейді.

ҚазҰТЗУ емтихан комиссиялары жұмыстарды түсушінің жеке коды бойынша тексереді және қарау нәтижелерін ақпараттық жүйе арқылы ҰТО-ға нәтижелерді одан әрі жариялау үшін жібереді.

Талапкерлер түсу емтиханының нәтижелерімен емтиханның келесі күні жеке кабинетінде таныса алады. Білім беру саласындағы уәкілетті орган нәтижені түсу емтиханы өткізілген күннен кейін келесі күні ҰТО-ның ақпараттық жүйесі арқылы хабарлайды.

Қабылдау емтиханының нәтижелері бойынша электронды сертификат беріледі, ол ҰТО сайтында расталады.

Қабылдау емтихандарын аяқтағаннан кейін ҰТО қабылдау емтиханының бейнебақылау жазбаларына талдау жасайды.

Егер өтініш беруші түсу емтиханы кезінде тыйым салынған заттардың бірін қолданғаны анықталса, қабылдау емтиханының нәтижелері жойылады. Республикалық бюджет қаражаты есебінен білім беру грантын тағайындау конкурсының нәтижелерін жою білім беру саласындағы уәкілетті органның бұйрығымен, күнтізбелік жыл ішінде жүзеге асырылады.

Қабылдау емтиханы аяқталғаннан кейін ҰТО күнтізбелік жылдың 25 тамызына дейін түсу емтиханының бейнебақылау жазбаларын қарайды.

Талапкерлердің қабылдау емтиханы кезінде тыйым салынған заттарды пайдаланғаны анықталған жағдайда, ҰТО қабылдау емтиханы кезінде тыйым салынған заттарды пайдалануды анықтау туралы Акт жасайды және білім беру саласындағы уәкілетті органға қолдаумен жіберіледі. материалдар. Әрі қарай, білім беру саласындағы уәкілетті органның бұйрығымен түсу емтиханының нәтижелері жойылады.

Қабылдау емтиханының нәтижелері жойылғаннан кейін OVPO талапкерлерге хабарлама жібереді.

"Жаратылыстану ғылымдары, математика және статистика", "Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар", "Инженерлік, өңдеу және құрылыс саласы" білім беру салаларының білім беру бағдарламаларының топтарына, сондай-ақ "Бизнес және басқару" кадрларын даярлау бағыты бойынша түсуші тұлғалар осы Үлгілік қағидаларға 7 Қосымшаға сәйкес балдармен Graduate Record Examinations (грэдуэйт рекорд экзаменейшен) GRE стандартталған тестін тапсыру туралы халықаралық сертификаты бар болған жағдайда докторантураға түсу емтиханынан босатылады.

Ұсынылатын сертификаттардың түпнұсқалылығын және жарамдылық мерзімін Қабылдау комиссия тексереді.

6 Работа апелляцияльных комиссий Апелляциялық комиссиялардың жұмысы

6.1 Магистратураға, докторантураға түсетін етиханының нәтижелерімен келіспеген тұлғалардың өтініштерін қарастыру үшін Университетте апелляциялық комиссиялар құрылады.

Апелляциялық комиссияның төрағасы мен құрамы Ректордың бұйрығымен бекітіледі.

6.2 КТ нәтижелерімен келіспеген тұлғалардың өтініштерін қарастыру үшін ҚР БҒМ жанында Республикалық апелляциялық комиссия құрылады. Республикалық апелляциялық комиссияның төрағасы мен құрамы ҚР БҒМ бұйрығымен бекітіледі.

6.3 Апелляциялық комиссия докторантураға түсуші тұлғалардан емтихан материалдарының мазмұны мен техникалық себептері бойынша түскен өтініштерді қабылдайды және қарайды.

Республикалық апелляциялық комиссия магистратураға түсетін тұлғалардың тест тапсырмаларының мазмұны мен техникалық себептері бойынша өтініштерін қарайды.

